# Инфляция

- **«*Инфляция* (латыннның «инфлатио» - қампию, кебу деген сөзі) айналымдағы қағаз ақшалардың көбеюінен болады, бұл өз кезегінде тауарлар мен қызмет көрсетуге бағаның өсуіне әкеліп соғады. Құн заңы әрекетімен анықталатын тауар-ақша қатынастарының болуы инфляциялық процестерді тудырады».**


smi.liga.net
200

- **Инфляция - бағалардың жалпы өсуі, табыстардың құнсыздануы. Елдегі тауар рыноктарының көбінде тепетеңдік бұзылса, бағалар тоқтаусыз өседі. Яғни, инфляция - бұл жалпы ұсыныс пен сұраныс арасында қалыптасқан сәйкессіздік. Жеке товар рыногында сұраным ұсынымнан артық болса, бұл тауарға баға деңгейі өседі. Бірақ мұндай жекелеген нарық сәйкессіздігі инфляцияны қалыптастырмайды. Инфляция - бұл рыноктардың көбінде сұранымның артуынан қалыптасқан тепе-теңдіктің бұзылуына байланысты пайда болған елдегі баға деңгейінің жалпы өсуі.**



- Батыс елдерінің экономистері жасаған теорияларда альтернативті (балама) концепция ретінде «сұраным инфляциясы» және «шығын инфляциясы» анықталады. Бұл концепцияларда инфляцияның қалыптасу себептері (механизм-моделі) қарастырылады.



- «Сұраным инфляциясы» жалпы сұраным мен ұсыным арасындағы тепе-тендіктің сұраным жағынан бұзылуын білдіреді. Бұл жерде мемлекет шығындарының артуы, өндіріс және еңбек ресурстарының толық іске қосылған жағдайында өндіріс құралдарына қосымша сұранымнын қалыптасуы және тұрғындардын тұтынушылық мүмкіншіліктерінің артуы негізгі себеп болуы мүмкін.
- «Шығындар инфляциясы» өндіріс шығындарының өсуінен туындаған бағалардың жаппай өсуін білдіреді. Өндіріс шығындарының өсуі монополиялық немесе олигополиялық бағалардың қалыптасуынан, мемлекеттің қаржы саясатынан, шикізат пен энергия ресурстарына бағанын өсуінен және басқа себептерден болады.



- Экономика теориясында, жеке алғанда осы күнгі Кейнсті жақтаушы экономистер инфляцияның ***баяу түрін*** өндірістің дамуына қосымша оңды әсер ететін фактор ретінде қарастырады. ***Баяу инфляцияны*** олар мемлекеттің бірден-бір тиімді саясат жүргізу құралы ретінде түсіндіреді. Баяу инфляция саясаты өндіріс пен нарық (сұраным) жағдайларының өзгеруіне сәйкес бағаларды реттеп отыруға мүмкіндік береді.



- **Қарқынды инфляция** (бағалардың жылына 20%-200%-ке дейін өсу түрі) – экономика үшін едәуір қиын жағдай, бірақ іскерлік қатынастардың көбі Қаркынды инфляцияны алдын ала ескеріп, оған икемделе береді



- Гиперинфляцияда мыңдаған процентке артқан жағдаймен сипатталады. Гиперинфляция кезінде бағалардың өсу қаркыны айналымға шығарылған ақша көлемінің өсуінен көп есе артып кетеді. Гиперинфляцияда бағалардың өсу қаркыны соншалық, тіпті ақша шығаратын фабрикалар аптасына тоқтаусыз жұмыс істегенде де айналымға қажетті ақша көлемін шығару мүмкіндігі жетпей қалады екен.





- Мемлекеттің инфляцияға қарсы шаралары:

1. Адаптациялық шара, индексация – халықтың ақшалай деңгейін инфляция деңгейіне сәйкестендіру.
2. Ликвидация – инфляция деңгейін қысқарту. Ақша – несие саясатымен бюджеттен кіріс – шығыс бөліктерін реттеу арқылы әсер етеді.
3. Стагфляция – жұмыссыздық және инфляция деңгейінің қатар өсуі.
4. Стагнация - өндірістің тоқтап қалуы.


CENTRAL
AMERICA